талап ету құқығы көзделмеген. Эмитент төменде көрсетілген жағдайлар (бұдан кейін мәтін бойынша – Сатып алу жағдайлары) пайда болған кезде: -эмитенттің уәкілетті органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған; -тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен «Қазақстан қор биржасы» АҚ эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған; -осы проспектінің 11-тармағында көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайларда, орналастырылған Облигацияларды сатып алуға міндетті. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде, ал белгіленген мерзім көрсетілмеген кезде – Эмитенттің Сатып алу жағдайлары пайда болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке қойған талапты, айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Сатып алу жағдайларының пайда болу себебінің толық сипаттамасын және Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы бойынша ықтимал іс-әрекеттер тізбесін көрсете отырып, Эмитент осы факт туралы Эмитенттің (www.bcc.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (www.kase.kz) ресми сайттарына жариялау арқылы облигация ұстаушыларға хабарлайды. Сатып алу жағдайы пайда болған кезде Эмитент ақпараттық хабарламаны жариялаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сатып алу жағдайын тудырған себептерді жою бойынша барлық мүмкін шараларды қолданады. Егер Эмитент Сатып алу жағдайының себебін жою бойынша шаралар қолданбаса және/немесе Эмитент қолданған шаралар жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде Сатып алу жағдайын түзетпесе, Облигация ұстаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке орналастырылған және оған тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқылы. Сатып алу процедурасы Облигация ұстаушының көрсетілген мерзімде ұсынылған және төмендегі барлық қажетті деректемелері көрсетілген, еркін нысанда құрылған орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішінің негізінде ғана жүзеге асырылады: -заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіруші нөмірі; болған жағдайда мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефоны; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті Облигациялардың саны және түрі; -жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты, болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжатының нөмірі, берілген күні және берген орган; тұратын жері; телефоны; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті Облигациялардың саны және түрі. Орналастырылған облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушының осы проспектіде көрсетілген аталған шығарылымның айналым мерзімі аяқталған кезде өзіне тиісті Облигацияларды өтеуге құқығы бар. Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуға жазбаша өтінішті алған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигация ұстаушының ағымдағы шотына ақша аудару арқылы: -жиналған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша; -Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған Облигацияларды сатып алуға міндетті. Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы өтініштердің барлығын бір мезетте қанағаттандыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, Облигация ұстаушылардан облигацияларды сатып алу орналастырылған облигацияларды сатып алуға берілген өтініштердің келіп түскен кезегі бойынша жүзеге асырылады. Эмитент сыйақы және (немесе) негізгі борыш төлемін өзге мүлдіктік құқықтар бойынша жүзеге асырмайды. Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жағдайы болып осы проспектіде белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі борышты өтеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін сыйақыны (купонды) және/немесе облигациялар бойынша номиналды құнды төлемеу немесе толық төлемеу



танылады. Егер осындай төлемеу және/немесе толық төлемеу осы Проспектіде белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуіне мүмкіндік бермейтін облигация ұстаушының банктік шоттарының деректемелерін Эмитенттің шынайы немесе толық алмауының немесе «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-тың Эмитентке Облигация ұстаушылардың тізілімін заңнамада белгіленген және онымен жасалған шартта көрсетілген мерзімде ұсынбауының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды. Егер Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамауы дүлей күшті жағдайлардың салдарынан болса, онда Эмитент өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күшті жағдайлар ретінде олардың орнауын алдын ала білу немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайлар (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу және шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсіндіріледі. Дүлей күшті жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің осы Проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады. Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша дефолттарды болдырмау мақсатында барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және барлық қажетті шараларды қолданады, алайда осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитент дефолттың пайда болу себептерін жою үшін барлық күшін салады, соның ішінде өзінің қаржы жағдайын жақсарту бойынша шаралар қолданады. Осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт орнаған жағдайда, Облигация ұстаушының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады. Облигациялар бойынша дефолт орнаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады. Эмитенттің кінәсі бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақы және/немесе негізгі борыш төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент ақшалай міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындау күніне (яғни төлем жасалған кезеңнің ең соңғы күнінен кейінгі күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне байланысты мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін осы шығарылым Облигацияларын ұстаушыларға өсімпұл төлейді. Эмитент өзінің кінәсінен Облигациялар бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлемеген немесе толық төлемеген күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигациялар бойынша дефолттың пайда болу себептерін және Эмитентке талап қою өтінішінің тәртібін қосқанда, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, сондай-ақ Эмитент қабылдайтын іс-шараларды көрсете отырып, ақпараттық хабарламаны Эмитенттің ресми www.bcc.kz сайтында, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінде (www.dfo.kz) жариялау және облигация ұстаушылардың өкіліне хабарлау арқылы Облигация ұстаушыларға хабар береді. Эмитент қабылдайтын және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі заңында көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигацияларды шығару кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе): Осы проспектіде белгіленген Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Эмитент келесі талаптарды сақтауға міндетті: 1) Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу; 2) Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу, аудиторлық компанияның бұндай есептерді Эмитентке ұсыну мерзімін бұзу жағдайлары есептелмейді.



3.1 облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні
14.06.2021

3.2 облигациялардың түрі және саны
200 000 000 қамтамасыз етілген купондық (ипотекалық) облигациялар

3.3 шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі
20 000 000 000

3.4 орналастырылған облигациялар шығарылымының саны
53 000 000

3.5 облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі
5 057 450 800

3.6 осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы
2 133 250 000

3.7 сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны
0

3.8 эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы
Жоқ.

3.9 облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі
Тоқтатылған жоқ.

3.10 облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда
Ұйымдастырылған нарық, сауда-саттықты ұйымдастырушы – «Қазақстан қор биржасы» АҚ.

3.11 ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары
-осы Проспектіде көзделген талаптармен және мерзімде Облигациялардың номиналды құнын алу; -осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде бекітілген сыйақыны алу; -Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен және мерзімде Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы қажетті ақпарат алу; -Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру; -осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде Облигациялар бойынша сыйақы және/немесе негізгі борыштың номиналды құнын төлеуге қатысты Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған әрбір күн үшін өсімпұл төлеу түрінде тұрақсыздық айыбын талап ету; -Қазақстан Республикасының заңнамасында және Проспектіде көзделген жағдайларда, Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бойынша талап етуі; -Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және онда көзделген тәртіпте Облигацияларды еркін сату және оларды басқа түрде басқару. Облигация ұстаушылардың Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген. Эмитент осы Проспектіде көзделген өз міндеттемелерін және шектеулерді (ковенанттарды) сақтаған кезде, Облигация ұстаушылардың мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген. Эмитент банкрот деп танылған жағдайларды қоспағанда, Облигация



ұстаушылардың сыйақы мен номиналды құнды мерзімінен бұрын төлеуді талап ету құқығы көзделмеген. а)Облигация ұстаушылар Бағалы қағаздар туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Бағалы қағаздар туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағында көзделген жағдайлар орнаған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша: •жиналған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; •Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуға міндетті. Эмитенттің банк болып табылатынын ескеретін болсақ, Бағалы қағаздар туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағының талаптары Эмитентке қатысты қолданылмайды. Бағалы қағаздар туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағында көзделген сатып алудың негіздерінің кез келгені орнаған жағдайда, Эмитент Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің пайда болғаны туралы мәліметтерді Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) сәйкес ақпараттық хабарлама жариялау арқылы көрсетілген негіздер орнаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынады. Жоғарыдағы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылар сатып алуға өтініш берілетін Облигациялардың санын көрсетіп, сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті. Облигацияларды сатып алу туралы хабарламаның кем дегенде біреуін алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті. Эмитент осындай шешімді қабылдау туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) сәйкес ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Эмитенттің Директорлар кеңесі көрсетілген шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынады. Осы тармақта көрсетілген Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі және сатып алу туралы жарияланған ақпараттық хабарлама келесі мәліметтерден тұруы тиіс: -Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға, осы бағаны есептеу тәртібі көрсетіледі; -сатып алынатын Облигациялардың саны; -Облигацияларды сатып алу жүргізілетін күн; -есеп айырысу тәртібі; -Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды жүргізуі үшін қажетті басқа ақпарат. Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы сәйкес шешімі жарияланғаннан кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. б)Осы Проспектіде көзделген Дефолт жағдайы орнаған жағдайда. Дефолт жағдайы орнаған жағдайда, Облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы осы Проспектінің 20-тармағында көрсетілген. в)ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені орнаған және Эмитент оларды осы Проспектіде көзделген мерзімде жоймаған жағдайда, Облигация ұстаушылар осы Проспектінің 12-тармағында көзделген талаптармен, тәртіпте және мерзімде өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқылы. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигациялар бойынша құқықтардан туындайтын басқа құқықтар. Дефолт-эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жағдайы (бұдан кейін—Дефолт жағдайы) болып осы Проспектіде негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерді ішінара және (немесе) толық орындамауы танылады. Егер осындай төлемге және (немесе)



толық төлемеу осы Проспектіде белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуіне мүмкіндік бермейтін Облигация ұстаушының банктік шотының деректемелерін Эмитенттің шынайы немесе толық алмауының немесе «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-тың Эмитентке Облигация ұстаушылардың тізілімін заңнамада белгіленген және онымен жасалған шартта көрсетілген мерзімде ұсынбауының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және (немесе) Облигацияның номиналды құнды төлемеуі немесе толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды. Дефолт орнаған кезде, Эмитент осындай Дефолт жағдайын тудырған себептерді жою және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады. Эмитент қабылдайтын шаралар Эмитенттің төлем жасау қабілетін қалпына келтіруге және Облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған, сонымен қатар олар кез келген басқарушылық, қайта құру, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да процедураларды, сондай-ақ Облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау процедураларын, оның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қамтиды. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын Эмитент Облигация ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде Облигация өзінің ұстаушысына беретін құқықтарды есепке ала отырып, Директорлар кеңесі кредиторлардың келісімін алып, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдайды. Облигациялар бойынша Дефолт жағдайы орнаған жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларға ақшалай міндеттемелерді немесе оның сәйкес бөлігін орындау күні (нақты төлем жасалатын күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне байланысты мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті (нақты төлем жасау күні тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні болып табылады). Осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт орнаған жағдайда, Облигация ұстаушының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен Облигация ұстаушылардың өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады. Облигациялар бойынша Дефолт жағдайы орнаған сәттен бастап екі ай ішінде Эмитент Дефолттан тиімді шығуды белгілеу мақсатында Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық танытады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкесінше көлемдер мен мерзімдер көрсетіліп, Облигация ұстаушылар алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді. Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізудің қорытындысы бойынша төлем жасау қабілетін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өзінің төлем жасау қабілетін қалпына келтіруінің мүмкін болмауы туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ Эмитент кредиторлардың талаптарын борышкер толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және Облигация ұстаушылардың қабылданған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған кезде, Эмитенттің және Облигация немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың бұдан кейінгі іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкрот болу саласындағы заңнамасында реттеледі. Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізудің қорытындысы бойынша төлем жасау қабілетін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген жағдайда, Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы Облигациялардың өздерінің ұстаушыларына беретін құқықтарын ескере отырып, төлем жасау қабілетін қалпына келтіру бойынша аталған іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды. Егер Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамауы дүлей



күшті жағдайлардың салдарынан болса, онда Эмитент өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күшті жағдайлар ретінде олардың орнауын алдын ала білу немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайлар (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу және шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсіндіріледі. Дүлей күшті жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің осы Проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары күшінде уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады. Дефолт жағдайы туындаған жағдайда, Эмитент Эмитентке талап қою өтінішінің тәртібін, сонымен қатар Эмитент өзінің міндеттемелерін орындау үшін қабылдайтын шараларды қосқанда, Облигациялар бойынша дефолттың пайда болу себептерін, орындалмаған міндеттемелер көлемін сипаттап, Эмитенттің Облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін тізбектеп және Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша Облигация ұстаушылармен есеп айырысуды жоспарлайтын күнді көрсетіп, аталған ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) ақпараттық хабарлама жариялау және Облигация ұстаушылардың өкіліне хабарлау арқылы сәйкес оқиғалар орнаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынуға міндетті. Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалар жоқ. Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша шектеулерді (ковенанттарды) сақтауы тиіс: а) кепілге берілген мүліктің құнын айналыстағы Облигациялар бойынша есептелген сыйақыны ескере отырып, орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың жалпы номиналды құнының 110% деңгейінен төмен түсірмеу. б) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Листинг комиссиясы кеңес берген келесі көрсетілгендерді сақтауы тиіс: -Облигация Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың өзге ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу; •Облигация Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың өзге ішкі құжаттарында белгіленген Облигация Эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу, аудиторлық компанияның бұндай есептерді Эмитентке ұсыну мерзімін бұзу жағдайлары есепке алынбайды. Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда, Эмитент осы бұзушылықтың пайда болу себебін, оны түзету тәсілі мен мерзімін толық сипаттап, осы бұзушылық туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) және Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) ақпараттық хабарлама жариялау арқылы бұзу орнаған күннен кейінгі келесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялардың ұстаушылардың назарына ұсынады. Облигацияларды сатып алу туралы хабарламаның кем дегенде біреуін алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі осы тармақтың 3)-тармақшасында көзделген сатып алу туралы жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті. Осы Проспектінің 12-тармағының 1)-тармақшасының а) абзацына сәйкес Эмитент облигациялар бойынша есептелген сыйақыларды есепке ала отырып, орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың жалпы номиналды құнының 110% мен Кепіл тізілімінде көрсетілген мүліктің құны арасындағы айырмаға тең көлемдегі Облигацияларды Облигация ұстаушыларда болатын Облигациялардың санына пропорционалды түрде тепе-тең талаптармен сатып алуы тиіс. Осы Проспектінің 12-



тармағының 1)-тармақшасының а) және б) абзацтарына сәйкес Эмитент Облигация ұстаушылардың талаптары бойынша Облигацияларды келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша: •жиналған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; •Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуға міндетті. Эмитент осындай шешімді қабылдау туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) сәйкес ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынады. Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы сәйкес шешімді жариялағаннан кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. Сатып алу Облигация ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі. Эмитенттің қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзуы туралы ақпаратпен Облигация ұстаушылар осы тармақтың 2)-тармақшасында көрсетілген мерзімде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) таныса алады. Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзуы туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті. Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алуы туралы, соның ішінде Облигацияларды сатып алу жүргізілетін күн туралы ақпаратпен Облигация ұстаушылар осы тармақтың 2)-тармақшасында көрсетілген мерзімде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) таныса алады. Облигация ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді: -заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы, бизнес-сәйкестендіруші нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің (анықтамасының) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті Облигациялардың саны мен түрі; -жеке тұлға үшін; Облигация ұстаушының тегі, аты және болған кезде әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген орган; мекенжайы; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті Облигациялардың саны мен түрі. Орналастырылған Облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген Облигация ұстаушының осы проспектіде көрсетілген аталған шығарылымның айналым мерзімі аяқталған кезде өзіне тиісті Облигацияларды өтеуге құқығы бар.



3.1 облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні
21.06.2022

3.2 облигациялардың түрі және саны
19 000 000 қамтамасыз етілген купондық облигациялар

3.3 шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі
19 000 000 000

3.4 орналастырылған облигациялар шығарылымының саны
0

3.5 облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі
0

3.6 осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы
0

3.7 сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны
0

3.8 эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы
Жоқ.

3.9 облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі
Тоқтатылған жоқ.

3.10 облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда
Ұйымдастырылған нарық, сауда-саттықты ұйымдастырушы – «Қазақстан қор биржасы» АҚ.

3.11 ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары
1) осы Проспектіде көзделген мерзімде Облигациялардың номиналды құнын алу; 2) осы Проспектіде көзделген мерзімде және мөлшерде Облигациялар бойынша номиналдық құнының бекітілген пайызын алу; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен және мерзімде Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы қажетті ақпарат алу; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру; 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Проспектіде көзделген жағдайларда, Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бойынша талап етуі; 6) Облигацияларды еркін сату және оларды басқа түрде басқару. 7) Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар. А) Облигация ұстаушылар Бағалы қағаздар туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) -тармақшаларында көзделген жағдайларда, өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Бағалы қағаздар туралы заңның 8-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) -тармақшаларында көзделген жағдайлар орнаған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша: - жиналған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; - Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуға міндетті. Эмитенттің банк болып табылатынын



ескеретін болсақ, Бағалы қағаздар туралы заңның 15-бабының 2-тармағының талаптары Эмитентке қатысты қолданылмайды. Бағалы қағаздар туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2)-тармақшаларында көзделген сатып алудың негіздерінің кез келгені орнаған жағдайда, Эмитент Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің пайда болғаны туралы мәліметтерді «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) сәйкес ақпараттық хабарлама жариялау арқылы көрсетілген негіздер орнаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынады. Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзуы туралы алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы Эмитенттің атына жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті. Облигацияларды сатып алу Облигация ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі. Сатып алуға өтініш бермеген Облигация ұстаушылар осы проспектінің талаптарында көзделген аталған шығарылымның айналым мерзімі аяқталған кезде өзіне тиісті Облигацияларды өтеуге құқығы бар. Облигацияларды сатып алу туралы хабарламаның кем дегенде біреуін алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті. Эмитент осындай шешімді қабылдау туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) сәйкес ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Эмитенттің Директорлар кеңесі көрсетілген шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынады. Осы тармақта көрсетілген Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі және сатып алу туралы жарияланған ақпараттық хабарлама келесі мәліметтерден тұруы тиіс: -Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға, осы бағаны есептеу тәртібі көрсетіледі; -сатып алынатын Облигациялардың саны; -Облигацияларды сатып алу жүргізілетін күн; -есеп айырысу тәртібі; -Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды жүргізуі үшін қажетті басқа ақпарат. Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы сәйкес шешімді жариялағаннан кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. б)Осы Проспектіде көзделген Дефолт жағдайы орнаған жағдайда. Дефолт жағдайы орнаған жағдайда, Облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы осы Проспектінің 20-тармағында көрсетілген. в)ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені орнаған және Эмитент оларды осы Проспектіде көзделген мерзімде жоймаған жағдайда, Облигация ұстаушылар осы Проспектінің 12-тармағында көзделген талаптармен, тәртіпте және мерзімде өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқылы. Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иелену. Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жағдайы (бұдан кейін – Дефолт жағдайы) болып осы Проспектіде негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерді ішінара және (немесе) толық орындамауы танылады. Егер осындай төлемеу және (немесе) толық төлемеу осы Проспектіде белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуіне мүмкіндік бермейтін Облигация ұстаушының банктік шотының деректемелерін Эмитенттің шынайы немесе толық



алмауының немесе «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-тың Эмитентке Облигация ұстаушылардың тізілімін заңнамада белгіленген және онымен жасалған шартта көрсетілген мерзімде ұсынбауының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және (немесе) Облигацияның номиналды құнды төлемеуі немесе толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды. Облигациялар бойынша дефолт орнаған кезде, Эмитент осындай Дефолт жағдайын тудырған себептерді жою және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады. Эмитент қабылдайтын шаралар Эмитенттің төлем жасау қабілетін қалпына келтіруге және Облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған, сонымен қатар олар кез келген басқарушылық, қайта құру, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да процедураларды, сондай-ақ Облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау процедураларын, оның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қамтиды. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын Эмитент Облигация ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде Облигация өзінің ұстаушысына беретін құқықтарды есепке ала отырып, Директорлар кеңесі кредиторлардың келісімін алып, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдайды. Облигациялар бойынша Дефолт жағдайы орнаған жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларға ақшалай міндеттемелерді немесе оның сәйкес бөлігін орындау күні (нақты төлем жасалатын күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне байланысты мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті (нақты төлем жасау күні тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні болып табылады). Осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт орнаған жағдайда, Облигация ұстаушының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады. Облигациялар бойынша дефолт орнаған кезде, Эмитент осындай Дефолт жағдайын тудырған себептерді жою және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады. Эмитент қабылдайтын шаралар Эмитенттің төлем жасау қабілетін қалпына келтіруге және Облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған, сонымен қатар олар кез келген басқарушылық, қайта құру, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да процедураларды, сондай-ақ Облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау процедураларын, оның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қамтиды. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын Эмитент Облигация ұстаушылармен келіссөздер жүргізу арқылы келіседі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде Облигация өзінің ұстаушысына беретін құқықтарды есепке ала отырып, Директорлар кеңесі кредиторлардың келісімін алып, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдайды. Облигациялар бойынша Дефолт жағдайы орнаған жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларға ақшалай міндеттемелерді немесе оның сәйкес бөлігін орындау күні (нақты төлем жасалатын күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне байланысты мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті (нақты төлем жасау күні тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні болып табылады). Осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт орнаған жағдайда, Облигация ұстаушының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады. Облигациялар бойынша Дефолт жағдайы орнаған сәттен бастап екі ай ішінде Эмитент Дефолттан тиімді шығуды белгілеу мақсатында Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық танытады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкесінше көлемдер мен



мерзімдер көрсетіліп, Облигация ұстаушылар алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді. Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізудің қорытындысы бойынша төлем жасау қабілетін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өзінің төлем жасау қабілетін қалпына келтіруінің мүмкін болмауы туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ Эмитент кредиторлардың талаптарын борышкер толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және Облигация ұстаушылардың қабылданған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған кезде, Эмитенттің және Облигация немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың бұдан кейінгі іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкрот болу саласындағы заңнамасында реттеледі. Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізудің қорытындысы бойынша төлем жасау қабілетін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген жағдайда, Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы Облигациялардың өздерінің ұстаушыларына беретін құқықтарын ескере отырып, төлем жасау қабілетін қалпына келтіру бойынша аталған іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды. Егер Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамауы дүлей күшті жағдайлардың салдарынан болса, онда Эмитент өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күшті жағдайлар ретінде олардың орнауын алдын ала білу немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайлар (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу және шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсіндіріледі. Дүлей күшті жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің осы Проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары күшінде уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады. Дефолт жағдайы туындаған жағдайда, Эмитент Эмитентке талап қою өтінішінің тәртібін, сонымен қатар Эмитент өзінің міндеттемелерін орындау үшін қабылдайтын шараларды қосқанда, Облигациялар бойынша дефолттың пайда болу себептерін, орындалмаған міндеттемелер көлемін сипаттап, Эмитенттің Облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін тізбектеп және Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша Облигация ұстаушылармен есеп айырысуды жоспарлайтын күнді көрсетіп, аталған ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) ақпараттық хабарлама жариялау арқылы сәйкес оқиғалар орнаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынуға міндетті. Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалар жоқ. Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша шектеулерді (ковенанттарды) сақтауы тиіс:

- Облигация Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың өзге ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу;
- Облигация Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың өзге ішкі құжаттарында белгіленген Облигация Эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу, аудиторлық компанияның бұндай есептерді Эмитентке ұсыну мерзімін бұзу жағдайлары есепке алынбайды. Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда, Эмитент осы бұзушылықтың пайда болу себебін, оны түзету тәсілі мен мерзімін толық сипаттап, осы бұзушылық туралы ақпаратты



«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) және Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) ақпараттық хабарлама жариялау арқылы бұзу орнаған күннен кейінгі келесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигациялардың ұстаушылардың назарына ұсынады. Облигацияларды сатып алу туралы хабарламаның кем дегенде біреуін алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі осы тармақтың 3)-тармақшасында көзделген сатып алу туралы жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті. Осы Проспектінің 12-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес Эмитент Облигация ұстаушылардың талаптары бойынша Облигацияларды келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша: •жиналған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; •Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуға міндетті. Эмитент осындай шешімді қабылдау туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) сәйкес ақпараттық хабарлама жариялау арқылы Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына ұсынады. Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы сәйкес шешімді жариялағаннан кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. Сатып алу Облигация ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі. Эмитенттің қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзуы туралы ақпаратпен Облигация ұстаушылар осы тармақтың 2)-тармақшасында көрсетілген мерзімде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) таныса алады. Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзуы туралы алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті. Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алуы туралы, соның ішінде Облигацияларды сатып алу жүргізілетін күн туралы ақпаратпен Облигация ұстаушылар осы тармақтың 2)-тармақшасында көрсетілген мерзімде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz), Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) таныса алады. Облигация ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді: - заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы, бизнес-сәйкестендіруші нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің (анықтамасының) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті Облигациялардың саны мен түрі; -жеке тұлға үшін; Облигация ұстаушының тегі, аты және болған кезде әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген орган; мекенжайы; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті Облигациялардың саны мен түрі. Орналастырылған Облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген Облигация ұстаушының осы проспектіде көрсетілген аталған шығарылымның айналым мерзімі аяқталған кезде өзіне тиісті Облигацияларды өтеуге құқығы бар.



3.1 облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні
09.10.2017

3.2 облигациялардың түрі және саны
60 000 000 қамтамасыз етілген акцияға айырбасталатын купондық реттелген облигациялар

3.3 шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі
60 000 000 000

3.4 орналастырылған облигациялар шығарылымының саны
60 000 000

3.5 облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі
60 000 000 000

3.6 осы облигациялар шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы
17 105 563 002

3.7 сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны
1 241- 27.12.2024ж., 20 000 000 -30.12.2024ж., 10 000 000 - 14.04.2025ж.

3.8 эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы
Жоқ.

3.9 облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі
Тоқтатылған жоқ.

3.10 облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда
Ұйымдастырылған нарық, сауда-саттықты ұйымдастырушы – «Қазақстан қор биржасы» АҚ.

3.11 ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары
1)эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар алу құқығы • Осы Проспектіде көзделген айырбастау тәртібіне және талаптарына сәйкес Облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау құқығы; • Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіге сәйкес облигациялармен мәмілелер жасау; • Осы Проспектіде көзделген талаптармен және мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу; • Осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде бекітілген сыйақыны алу; • Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру; • Осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеуге қатысты Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған әр күн үшін өсімпұл төлеу түрінде тұрақсыздық айыбын талап ету; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иелену. Эмитент осы Проспектіде көзделген өз міндеттемелерін және шектеулерді



(ковенанттарды) сақтаған кезде облигация ұстаушылардың мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген. Облигация ұстаушылардың төлем (купон) деңгейін арттыруды талап ету құқығы көзделмеген. Эмитент банкрот деп танылған немесе таратылған жағдайларды қоспағанда, Облигация ұстаушылардың сыйақы мен номиналды мерзімінен бұрын төлеуді талап ету құқығы көзделмеген. Эмитентті таратқан кезде Облигациялар бойынша талаптар (қамтамасыз етілмеген міндеттемелер) акционерлердің – жай акциялардың меншік иелерінің талаптарына дейін сегізінші кезекте қанағаттандырылады. 2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы. Өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығару жағдайында осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі Облигация ұстаушыларының Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу (кері қайтару/орындау) туралы талап қоюға құқығы жоқ. Облигация ұстаушыларына олар бұзылған жағдайда Эмитентке Облигацияларды кері сатып алуға түрткі болатын құқықтар беретін осы Облигациялар шығарылымына қатысты шектеулерді (ковенанттарды) Эмитент қабылдамайды. 3) өзге де құқықтар Эмитент сыйақы және (немесе) негізгі борыш төлемін өзге мүліктік құқықтар бойынша жүзеге асырмайды. 1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жағдайы болып осы проспектіде белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі борышты өтеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін сыйақыны (купонды) және/немесе облигациялар бойынша номиналды құнды төлеу немесе толық төлеу танылады. Егер осындай төлеу және/немесе толық төлеу осы Проспектіде белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуіне мүмкіндік бермейтін облигация ұстаушының банктік шоттарының деректемелерін Эмитенттің шынайы немесе толық алмауының немесе «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-тың Эмитентке Облигация ұстаушылардың тізілімін заңнамада белгіленген және онымен жасалған шартта көрсетілген мерзімде ұсынбауының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды құнын төлеуі немесе толық төлеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды. Егер Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамауы дүлей күшті жағдайлардың салдарынан болса, онда Эмитент өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күшті жағдайлар ретінде олардың орнауын алдын ала білу немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайлар (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу және шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсіндіріледі. Дүлей күшті жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің осы Проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады. Осы шығарылым облигациялары бойынша шектеулер (ковенанттар) көзделмеген.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі. Облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болатын жағдайда, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

Қамтамасыз етілген акцияға айырбасталатын купондық реттелген облигациялар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (бір мың) Теңге

Индекстелмеген

3) облигациялардың саны

60 000 000 (алпыс миллион) дана

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі

60 000 000 000 (алпыс миллиард) Теңге

5) облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге

Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі

Облигацияларды төлеу және тәртібі мен талаптары, есеп айырысу тәсілдері «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Эмитенттің сәйкес органы Облигацияларды инвесторлардың шектелмеген тобының арасында орналастыру туралы шешім қабылдағаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың интернет-ресурсына (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсына (www.dfo.kz) облигациялардың орналастырылатыны туралы хабарлама жариялайды.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі және ол болған жағдайда қосымша сыйақы. Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуына немесе алынбауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигациялардың номиналды құнының жылдық 4% мөлшерінде Облигациялар айналысының барлық мерзіміне белгіленген.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні

Купондық сыйақы облигациялар айналысының бірінші жылы үшін екі траншпен:

- Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 30 (отыз) күн үшін бірінші траншпен;
- бірінші транш аяқталған күннен бастап қалған 330 (үш жүз отыз) күн үшін екінші траншпен төленеді.

Облигациялар бойынша кейінгі сыйақы осы Проспектіде көзделген тәртіппен, атап айтқанда жылына бір рет Облигациялар айналысы басталған күннен бастап өтеу күніне дейін жыл сайын төленеді.

3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн

Сыйақы есептеу облигациялар айналысы басталған күннен бастап жүзеге асырылады.

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі

Сыйақы төленетін күннен кейінгі кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



күні ішінде купондық сыйақы облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен төленеді.

Купондық сыйақы алу құқығы төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күнінің басындағы жай-күйі бойынша облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғаларға беріледі.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі

Эмитент облигациялар бойынша купондық сыйақыны есептеуді 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыт негізін есепке ала отырып жүзеге асырады.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері

2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысканы және кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі

3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен, инвестициялық басқарумен байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:



- 1) оринатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
 - 2) секьюритизендіру мәмілесіндегі оринатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
 - 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі
 - 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
 - 5) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері
 - 6) сыйақы төлеу және бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі
 - 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандырудың тәртібі мен кезектілігі
- Жатпайды

8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі

- 1) облигацияларды орналастырудың басталған күні
«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сауда жүйесінде бірінші сауда-саттық ашылған күн. Облигацияларды орналастыру күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланады.
- 2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні
Жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан барлық облигацияларын эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде облигация ұстаушылардың жеке шоттарына есептен шығару бойынша соңғы операция жүргізілген күн.
- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)
- ұйымдастырылған

9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:

- 1) облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні
Жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан облигацияларды эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде облигация ұстаушылардың жеке шоттарына есептен шығару бойынша бірінші операция жүргізілген күн.
- 2) облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)
Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл.
- 3) облигациялардың айналыс мерзімі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Жылдар	Айлар	Күндер
15		

4) облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған
- ұйымдастырылмаған

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі

1) облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл өткеннен кейін Облигациялар өтеледі.

2) облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар облигациялардың теңгемен номиналды құны бойынша өтеледі және облигациялар айналыста болған соңғы күннен кейінгі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ақша аудару арқылы соңғы купондық сыйақы төленеді.

Облигациялардың номиналды құнын және соңғы купондық сыйақыны төлеу облигациялар айналыста болған соңғы күннің басындағы жай-күйі бойынша облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі

Эмитент сыйақы және (немесе) негізгі борыш төлемін өзге мүліктік құқықтар бойынша жүзеге асырмайды.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары

Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі облигацияларды сатып алуға (кері қайтаруға/орындауға) құқылы.

Орналасырылған облигацияларды мына бағалардың ең жоғарысы бойынша сатып алу жүзеге асырылады:

- жиналған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен;
- қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасымен (осындай баға болған кезде);
- Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған бағамен (егер эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түспесе)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде, ал белгіленген мерзім көрсетілмеген кезде - Эмитенттің Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке қойған талапты, айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы бойынша ықтимал іс-әрекеттер тізбесін көрсете отырып, Эмитент осы факт туралы Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың интернет-ресурсына (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсына (www.dfo.kz) жариялау және облигация ұстаушылардың өкілдеріне хабарлау арқылы облигация ұстаушыларға хабарлайды.

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі

Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін ғана және төменде көрсетілген талаптарды бір уақытта орындаған кезде Эмитенттің бастамасы бойынша Эмитенттің облигацияларын мерзімінен бұрын сатып алуға (кері қайтаруға/орындауға) болады:

а) бұл іс-әрекет Эмитент капиталының жеткіліктілік коэффициенттері мәндерінің Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органы белгілеген мәндерден төмен болуына әкеп соқпайды;

б) Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуына қатысты Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысының болуы;

в) Эмитенттің шоғырлануын Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу (кері қайтару/орындау) нәтижесінде капиталдың талап етілетін ең төмен деңгейінен жоғары деңгейге жақсарт.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі

3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі

Жатпайды

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар

Облигациялар Эмитенттің жай акцияларына айырбасталады. Эмитенттің облигациялар айырбасталатын жай акцияларының жалпы саны айырбасталатын Облигациялар мен айырбастау коэффициентінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Айырбастау коэффициентін пайдалана отырып алынған, Эмитенттің облигациялар айырбасталатын жай акцияларының жалпы саны келесі ережеге сүйене отырып, дөңгелектенуі тиіс:

бүтін санның оннан бір бөлігі (үтірден кейін бір таңба) есепке алынады;

бестен тоғызға дейінгі сан нөлге дейін дөңгелектенеді және бүтін сан бір санға арттырылады;



нөлден төртке дейінгі сан нөлге дейін дөңгелектенеді және бүтін сан өзгеріссіз қалады.

Айырбастау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

Айырбастау коэффициенті = Бір облигацияның құны / Эмитенттің бір акциясының қалдық құны мұндағы,

бір Облигацияның құны бір Облигацияның номиналды құны мен айырбастауды есептеу күні ол бойынша есептелген (төленбеген) сыйақының сомасы ретінде есептеледі;

Эмитенттің бір акциясының қалдық құны келесі формула бойынша есептеледі:

Эмитенттің бір акциясының қалдық құны = БСК-К-Р-П/Эмитенттің орналастырылған акцияларының саны

мұндағы,

БСК – айырбастау күніндегі Эмитенттің баланстық меншікті капиталы;

К – егер бұрын танылған және амортизацияланбаған кіріс болса, онда Банктің баланстық меншікті капиталын Облигациялар бойынша осындай бұрын танылған және амортизацияланбаған кіріс сомасына азайту бойынша ХҚЕС-ке сәйкес айырбастау күні облигацияларды айырбастаудың салдарынан жүргізілген бухгалтерлік жазбалар (түзетулер);

Р – соңғы есепті күні Нұсқаулыққа сәйкес соңғы есепті күнге есептелген провизиялардың (резервтердің) және П – капиталды ықтимал түзетудің қалдығын шегергенде, ХҚЕС пен Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айырбастау күні қалыптастырылған және банктің бухгалтерлік есебінде көрсетілген провизиялардың (резервтердің) арасындағы оң айырма (бұдан әрі – Оң айырма).

П – ХҚЕС талаптарына сәйкес активтер бойынша резервтер (провизиялар) құру үшін пайдаланылуы мүмкін, банктің активтерінің сапасын бағалау нәтижелері (AQR) бойынша капиталды ықтимал түзетудің қалдығы (бұдан әрі – капиталды ықтимал түзету).

Айырбастау күні болып Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының (бұдан әрі – Ұлттық Банк) облигацияларды айырбастау туралы шешім қабылдайтын күннің алдындағы жұмыс күні танылады.

Егер $БСК - К - Р - П \leq$ облигациялар шығарылымының жалпы көлемінің 1% болса, айырбастау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

Айырбастау коэффициенті = Эмитенттің орналастырылған акцияларының саны * 99 / Айырбасталатын Облигациялардың саны.

Эмитенттің облигациялар айырбасталатын жай акцияларын орналастыру бағасы Облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау үшін қажетті бағаға тең.

Эмитенттің облигациялар айырбасталатын жай акцияларын ұстаушылар Эмитенттің жай акцияларын ұстаушы басқа акционерлер сияқты құқықтарға ие болады.

2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)

Қолданылмайды.

Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді



Қолданылмайды.

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Осы шығарылымның облигациялары қамсыздандырылған немесе ипотекалық, сондай-ақ Эмитенттің немесе онымен байланысты тұлғаның кепілдігімен өтелген болып табылмайды және қандай да бір азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын міндеттемелерді және Эмитенттің басқа кредиторы алдында басым күшке ие болатын өзге талаптарды көздемейді.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

Осы шығарылымның облигациялары қамсыздандырылған немесе ипотекалық, сондай-ақ Эмитенттің немесе онымен байланысты тұлғаның кепілдігімен өтелген болып табылмайды және қандай да бір азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын міндеттемелерді және Эмитенттің басқа кредиторы алдында басым күшке ие болатын өзге талаптарды көздемейді.

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Осы шығарылымның облигациялары қамсыздандырылған немесе ипотекалық, сондай-ақ Эмитенттің немесе онымен байланысты тұлғаның кепілдігімен өтелген болып табылмайды және қандай да бір азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын міндеттемелерді және Эмитенттің басқа кредиторы алдында басым күшке ие болатын өзге талаптарды көздемейді.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)

Қолданылмайды. Осы шығарылымның Облигациялары банктің кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастыру нәтижесінде Эмитент алған ақша толық көлемде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуға жұмсалады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып, Эмитент босатылған соманы Эмитенттің және оның филиалдарының қызметін активтендіруге бағыттай отырып, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды кезеңмен іске асыруға құқылы. Басталған кезде алынған ақшаны жоспар бойынша бөлуге қатысты өзгерістер болуы мүмкін талаптар жоқ

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму



облигациялар, орнықты дамуға байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

Мемлекеттік тіркеу күні

Мемлекеттік тіркеу нөмірі

Облигациялардың түрі

Саны

Көлемі

Есептелген және төленбеген пайыздар

Жатпайды

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүлктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүлктік құқықтар алу құқығы

- Осы Проспектіде көзделген айырбастау тәртібіне және талаптарына сәйкес Облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіге сәйкес облигациялармен мәмілелер жасау;
- Осы Проспектіде көзделген талаптармен және мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу;
- Осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде бекітілген сыйақыны алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;
- Осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеуге қатысты Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған әр күн үшін өсімпұл төлеу түрінде тұрақсыздық айыбын талап ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иелену.

Эмитент осы Проспектіде көзделген өз міндеттемелерін және шектеулерді (ковенанттарды) сақтаған кезде облигация ұстаушылардың мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.

Облигация ұстаушылардың төлем (купон) деңгейін арттыруды талап ету құқығы көзделмеген.

Эмитент банкрот деп танылған немесе таратылған жағдайларды қоспағанда, Облигация ұстаушылардың сыйақы мен номиналды мерзімінен бұрын төлеуді талап ету құқығы көзделмеген.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Эмитентті таратқан кезде Облигациялар бойынша талаптар (қамтамасыз етілмеген міндеттемелер) акционерлердің – жай акциялардың меншік иелерінің талаптарына дейін сегізінші кезекте қанағаттандырылады.

2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығару жағдайында осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі

Облигация ұстаушыларының Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу (кері қайтару/орындау) туралы талап қоюға құқығы жоқ. Облигация ұстаушыларына олар бұзылған жағдайда Эмитентке Облигацияларды кері сатып алуға түрткі болатын құқықтар беретін осы Облигациялар шығарылымына қатысты шектеулерді (ковенанттарды) Эмитент қабылдамайды.

3) өзге де құқықтар

Эмитент сыйақы және (немесе) негізгі борыш төлемін өзге мүлктік құқықтар бойынша жүзеге асырмайды.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі

Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жағдайы болып осы проспектіде белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі борышты өтеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін сыйақыны (купонды) және/немесе облигациялар бойынша номиналды құнды төлемеу немесе толық төлемеу танылады.

Егер осындай төлемеу және/немесе толық төлемеу осы Проспектіде белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуіне мүмкіндік бермейтін облигация ұстаушының банктік шоттарының деректемелерін Эмитенттің шынайы немесе толық алмауының немесе «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-тың Эмитентке Облигация ұстаушылардың тізілімін заңнамада белгіленген және онымен жасалған шартта көрсетілген мерзімде ұсынбауының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Егер Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамауы дүлей күшті жағдайлардың салдарынан болса, онда Эмитент өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күшті жағдайлар ретінде олардың орнауын алдын ала білу немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайлар (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу және шектеу сипатындағы актілері және т. б.) түсіндіріледі. Дүлей күшті жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің осы Проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар

Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша дефолттарды болдырмау мақсатында барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және барлық қажетті шараларды қолданады, алайда осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт болған жағдайда Эмитент дефолттың пайда болу себептерін жою үшін барлық күшін салады, соның ішінде өзінің қаржы жағдайын жақсарту бойынша шаралар қолданады;

Осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт орнаған жағдайда, Облигация Ұстаушысының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады;

Облигациялар бойынша дефолт орнаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады.

Эмитенттің кінәсі бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақы және/немесе негізгі борыш төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент ақшалай міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындау күніне (яғни төлем жасалған кезеңнің ең соңғы күнінен кейінгі күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне байланысты мерзімінен кешіктірілген әрбір күн үшін осы шығарылымның Облигацияларын ұстаушыларына өсімпұл төлейді.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі

Эмитент өзінің кінәсінен аталған облигациялар бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлемеген немесе толық төлемеген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Облигациялар бойынша дефолттың пайда болу себептерін және Эмитентке талап қою өтінішінің тәртібін қоса есептегенде, Облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, сондай-ақ Эмитент қабылдайтын іс-шараларды көрсете отырып, ақпараттық хабарламаны Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсында - www.bcc.kz, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінде (www.dfo.kz) жариялау және облигация ұстаушылардың өкіліне хабарлау арқылы Облигация ұстаушыларға хабар береді.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні



Аталған шарттар қарастырылмаған.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы:

1-қосымша

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Жатпайды

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Қолданылмайды.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

толық атауы:

қысқартылған атауы:


2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері: өкілінің орналасқан жері:

байланыс телефондарының нөмірлері:

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі: ,

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Уәкілетті тұлға



(электрондық цифрлық қолтаңба)

**ГАБАСОВ ТИМУР
РАУФОВИЧ**

(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электрондық құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и

